# ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕДЕН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

**Аудан спортшылары түрлі деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп, ауданымыздың абыройын асқақтатуда. Әсіресе, кейінгі жылдары самбо, дзюдо, қазақ күресінен жүлделі орындардан көрініп, топ жарып жүрген палуандар қарасы көбейуде.**

Жуырда Қарағанды қаласында дзюдодан жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Аталмыш чемпионатта ауданымыздың мақтанышы, жас палуан Кәріғұлов Алдияр 60 келі салмақ дәрежесінде I-орынға ие болып, Қазақстан Республикасының чемпионы атанды.

Сондай-ақ, Түркістан - Түркі әлемінің туристік астанасы атануы аясында Түркістан қаласында самбодан спорт шеберлері арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Аталмыш чемпионатта ауданымыздың ардагер спортшылары Сағындық Қанат пен Айнатаев Самалбек Қазақстан Республикасының чемпионы атанды.

Жерлестерімізді жеңістерімен құттықтай отырып, алдағы байрақты бәсекелерде тек жеңіс тұғырынан көрінулеріне тілектеспіз!

**Өз тілшімізден.**



**Суреттерде: жаттықтырушы Бейімбет Қанжанов пен жас палуан Алдияр Кәріғұлов және ардагер спортшылар Қанат Сағындық, Самал Айнатаев.**